

Ақмола, Атырау, Павлодар, Петропавл және Талдықорған қалаларында университеттер құру туралы <*> Ескерту. Қаулыға өзгерістер енгізілген - ҚРҰ-нің 1996.05.07. N 573 қаулысымен. ~P960573

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 2 маусым 1994 ж. N 584 Жоғары білім беруді одан әрі жетілдіру, мамандар мен ғылыми-педагог кадрлар даярлаудың аймақтық университет жүйесін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Ақмола, Атырау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Талдықорған облыстарының әкімдерімен келісілген, 1994 жылға бөлінген қаражат шегінде, қаржыландырудың қолданылып жүрген тәртібін сақтай отырып, мыналарды қайта құру туралы ұсынысы қабылдансын:

- С.Сейфуллин атындағы Ақмола педагогика институты Ақмола университеті болып қайта құрылсын. Университет құрамында Ақмола университетінің бөлімшесі деп аталып Ақмола инженер-құрылыс институты, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты, Ақмола көлік құрылысы техникумы, Ақмола құрылыс техникумы, Ақмола педагогика колледжі, Ақмола автомобиль көлігі техникумы, Ақмола машина жасау техникумы енгізілсін;

- Халел Досмұхамедов атындағы Атырау педагогика институты Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті болып қайта құрылсын. Университет құрамына Атырау университетінің бөлімшесі деп аталып Қазақ ұлттық техникалық университетінің Атырау филиалы, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау педагогикалық институтының Ақтау филиалы, Атырау педагогика училищесі, Атырау политехника техникумы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты енгізілсін;

- Қазақ мемлекеттік техникалық университеті Павлодар мемлекеттік университеті болып қайта құрылсын. Университет құрамына Павлодар мемлекеттік университетінің бөлімшесі деп аталып С.Торайғыров атындағы Павлодар педагогика институты, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты, Павлодар машина жасау техникумы, Павлодар монтаждау техникумы, Павлодар химия-механика техникумы, Павлодар педагогика колледжі, N 9 Павлодар кәсіптік-техникалық училищесі, Ақсу дене мәдениеті техникумы, Ақсу энергетика техникумы, Екібастұз кен техникумы, Екібастұз педагогика училищесі енгізілсін;

- К.Ушинский атындағы Петропавл педагогика институты Солтүстік Қазақстан университеті болып қайта құрылсын. Университет құрамына Солтүстік Қазақстан университетінің бөлімшесі деп аталып Қарағанды политехника институтының Петропавл филиалы, Петропавл педагогика колледжі, Петропавл

индустриалды-педагогика техникумы, Солтүстік Қазақстан механика техникумы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты енгізілсін;

- І.Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогика институты І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университеті болып қайта құрылсын. Университет құрамына Талдықорған индустриалды-педагогика колледжі, Талдықорған заң техникумы, Жаркент педагогика колледжі, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институты, Талдықорған қаласындағы N 12 кәсіптік-техникалық училище енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі аталған университеттердің құрылымын, мамандықтар тізбесін бекітсін, сондай-ақ тиісінше әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі Ақмола, Атырау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстары әкімдерінің келісуі бойынша университеттер құрамына кіретін оқу орындарының өзара іс-қимыл принциптерін анықтасын.

4. Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің республика университеттерінде (академияларында) сол жоғары оқу орнының профессоры академиялық атағын, штат кестелерінде профессор-оқытушы құрамын ұстауға арналып бөлінетін қаражат шегінде тиісті лауазымдар енгізу туралы бастамашылдығы құпталсын.

5. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі жаңадан құрылған университеттерге баспа қызметі құқығын берсін және олардың полиграфиялық базасын құруда көмектесіп отыратын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі